

## Аудандық көркемөнерпаздар байқауын және аудандағы ауылдық округтердің Мәдениет күндерін өткізу туралы

Целиноград ауданы әкімінің 2003 жылғы 17 ақпандағы N 69 қаулысы. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 17 наурызда N 1614 тіркелді

Ақмола облысы әкімдігінің 2003 жылғы 20 қаңтарда Ақмола облыстық Әділет басқармасында 1507-нөмірмен тіркелген 2003 жылғы 6 қаңтардағы N а-1/1 "Облыстық көркемөнерпаздар байқауын және облыс қалалары мен аудандарының Мәдениет күндерін өткізу туралы" қаулысына сәйкес, жаңа көркемөнерпаздар ұжымдарын құрып, халық шығармашылығын жандандыру мақсатында, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2003 жылдың 24 ақпанынан 27 наурызына дейінгі аралықта "Өнерді қолдау - Отанды қолдау", атты аудандық көркемөнерпаздар байқауы өткізілсін.

2. Жоғарыда көрсетілген байқау аясында Целиноград ауданы ауылдық округтерінің Мәдениет күндері өткізілсін.

3. Аудандық мәдениет бөлімі (Қарыбекова Ш.Қ.) ауылдық округтердің әкімдері Мәдениет күндерін ұйымдастыру және өткізу үшін тиісті шаралар қабылдасын.

1) "Өнерді қолдау - Отанды қолдау" атты аудандық көркемөнерпаздар байқауын өткізу Ережелері (1-қосымша);

2) көркем өнерпаздар байқауын дайындау және өткізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы (2-қосымша);

3) қазылар алқасының құрамы (3-қосымша);

4) ауылдық округтер бойынша Мәдениет күндерін өткізу кестесі (4-қосымша) бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.А.Жанбаевқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

1 - қ о с ы м ш а

А у д а н

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 7 . 0 2

ә к і м д і г і н і ң

N

6 9

қаулысымен Бекітілген

**Аудандық көркемөнерпаздар байқауын өткізу Ережелері**

### 1. Жалпы ереже

1. "Өнерді қолдау - Отанды қолдау" атты көркемөнерпаздар байқауының ережесі (бұдан былай - Ереже) ауылдың халық шығармашылығында жаңа көркемөнерпаздар ұжымдарын дүниеге келтіріп, оларды одан әрі дамыту мақсатында жасалып отыр.

2. Байқаудың құрылтайшысы Целиноград ауданының әкімдігі.

3. Байқауды ұйымдастырушы аудандық мәдениет бөлімі болып табылады.

## 2. Байқаудың негізгі міндеттері

4. Аудандағы ең үздік клубтар мен мәдениет үйлерінің озық тәжірибелерін жинақтау және өмірге енгізу.

5. Музыкалық аспаптар, киімдер сатып алу және репертуарды жаңарту үшін жергілікті жерлерде уақытылы көмек көрсету.

6. Орындау шеберлігін жетілдіру үшін әр түрлі мамандарды тартып, жаңа бағдарламалар құру жөнінде кеңестер алып, шеберлік сыныптарын өткізу.

7. Шығармашылық ұжымға барлық жас санаты бойынша халықтың барлық өкілдерін тарту.

8. Қолданбалы қолөнер және бейнелеу өнерлерінің шеберлері көрмесін ұйымдастыру арқылы ауылдың мәдени мүмкіншілігін толық көлемде көрсету.

9. Аудандық мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен "Ауылды жандандырайық" атты қайырымдылық акциясын өткізу.

10. Ауылдағы мәдениет мекемелеріне ағымдық және күрделі жөндеу жүргізу.

## 3. Байқауды өткізу шарттары

11. Аудандық байқау аясында ауылдық клубтар мен мәдениет үйлер негізінде 2003 жылдың 24 ақпанынан 27 наурызына дейін кестеге сәйкес ауылдық округтердің Мәдениет күндері өтеді.

12. Бағдарламаның ұзақтығы жалпы регламент бойынша 1,5 сағаттан аспауы тиіс.

13. Байқау бағдарламасына:

1) Гала-концерт

2) Қайырымдылық акциясы

3) Қолданбалы және бейнелеу өнері шеберлерінің көрмесі кіреді.

14. Аудандық байқаудың бағалау өлшемдері:

жоғары орындау шеберлігі;

орындалатын репертуардың сапалық сахналық үндестігі;

орындау мақамын игеру және этнографиялық алғашқы бастамаға

киімнің сәйкестігі (фольклорлық орындаушылар үшін);

бағдарламаны киімдеу, ойдағыдай дыбыстық және саздық шешім;

шығармашылық бағдарламалардың сауатты режиссурасы;

соңғы 3 жыл ішіндегі ауылдағы мәдениет ошақтарының даму

қарқынды:

1) материалдық негізі

2) киімдері

3) музыкалық аспаптары

4) көркемдігі және т.б.

15. Байқау негізінде төмендегі коммуникациялар бойынша атақтар

тағайындалады:

Жанрлар ішінде ең үздік көркемөнерпаздар ұжымы: хореография, вокал-хор өнері, театр өнері, аспап жанры, фольклор; Ең үздік әсем-қолданбалы және бейнелеу өнерінің халық шебері; Ең үздік жас дарын; Ең үздік ауылдағы мәдениет ошағы; Байқаудың ең үздік бағдарламасы.

16. Ең үздік өнерпаздар Көкшетау қаласында өтетін облыстық халық шығармашылығы байқауына жіберіледі.

2 - қ о с ы м ш а

А у д а н ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 7 . 0 2 N 6 9  
қаулысымен Бекітілген

**Аудандық көркемөнерпаздар байқауын  
өткізу жөніндегі жұмыс тобының  
ҚҰРАМЫ**

Жанбаев Берік - аудан әкімінің орынбасары,  
Амантайұлы жұмыс тобының төрағасы  
Қарыбекова Шолпан - мәдениет бөлімінің меңгерушісі,  
Қожайыпқызы жұмыс тобы төрағасының  
орынбасары  
Байғазин Нұржан - "Аудандық Мәдениет үйі"  
Диханбайұлы мемлекеттік қазыналық  
коммуналдық мекемесінің директоры  
Можаева Ольга - аудандық білім бөлімінің  
Ивановна меңгерушісі  
Түгелбаев Жанат - аудандық "Ұран", "Призыв"  
Сәлкенұлы газеттерінің редакторы  
Красавская Любовь - аудандық қаржы бөлімінің  
Александровна меңгерушісі (келісім бойынша)

3 - қ о с ы м ш а

А у д а н ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 7 . 0 2 N 6 9  
қаулысымен Бекітілген

**Қазылар алқасының құрамы**

Жанбаев Берік - аудан әкімінің орынбасары,  
Амантайұлы төраға  
Қарыбекова Шолпан - мәдениет бөлімінің меңгерушісі,  
Қожайыпқызы төрағаның орынбасары

Байғазин Нұржан  
Диханбайұлы

мекемесінің директоры

- "Аудандық Мәдениет үйі"  
мемлекеттік әкімшіл коммуналдық

Трачев Леонид  
Яковлевич

- Новоишимка ауылындағы Мәдениет  
үйінің көркемдік жетекшісі

Гроза Владимир  
Трофимович

- Малиновка ауылындағы Мәдениет  
үйінің көркемдік жетекшісі

Тақсымов Ермек  
Қаптайұлы

- Воздвиженка ауылындағы Мәдениет  
үйінің көркемдік жетекшісі

Попелхова Любовь  
Владимировна

- Приозерный ауылындағы Мәдениет  
үйінің көркемдік жетекшісі

4 - қ о с ы м ш а

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 7 . 0 2

N

6 9

қаулысымен Бекітілген

**Ауылдық  
көркемөнерпаздар**

**округтер**

**бойынша  
байқауын**

**аудандық  
өткізу**

**КЕСТЕСІ**

№№	Ауылдық округ атауы	Өткізу орны	Өтетін уақыты
1.	Қараөткел ауылдық округі	Ильинка ауылының клубы	25 ақпан
2.	Луговой ауылдық округі	Луговой ауылының Мәдениет үйі	27 ақпан
3.	Шалқар ауылдық округі	Егіндікөл ауылының Мәдениет үйі	26 наурыз
4.	Қосшы ауылдық округі	Қосшы ауылындағы N18 орта мектептің мәжіліс залы	4 наурыз
5.	Романовка ауылдық округі	Романовка ауылының клубы	5 наурыз
6.	Максимовка ауылдық округі	Максимовка ауылындағы N 9 орта мектептің мәжіліс залы	6 наурыз
7.	Краснояр ауылдық округі	Жалғызқұдық ауылының Мәдениет үйі	11 наурыз
8.	Мәншүк ауылдық округі	Мәншүк ауылының клубы	12 наурыз
9.	Приречный ауылдық округі	Приречный ауылының клубы	13 наурыз
10.	Софиевка ауылдық округі	Софиевка ауылындағы N 21 орта мектептің мәжіліс залы	14 наурыз
11.	Оразақ ауылдық округі	Оразақ ауылының Мәдениет үйі	17 наурыз
12.	Қабанбай батыр ауылдық округі	Қабанбай батыр ауылындағы аудандағы Мәдениет үйі	19 наурыз
13.	Талапкер ауылдық округі	Талапкер ауылындағы N 3 орта мектептің мәжіліс залы	20 наурыз
14.	Новоишимка ауылдық округі	Новоишимка ауылының клубы	24 наурыз
15.	Воздвиженка ауылдық округі	Воздвиженка ауылының Мәдениет үйі	25 наурыз

16.	Приозерный ауылдық округі	Приозерный ауылының Мәдениет үйі	26 наурыз
17.	Малиновка ауылдық округі	Малиновка ауылының Мәдениет үйі	27 наурыз

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»  
Министерства юстиции Республики Казахстан